

**КЕЛІСІЛДІ**

**«Ақмола облысы  
білім басқармасының  
Астрахан ауданы  
бойынша білім  
бөлімі» ММ-нің  
басшысы**



**Н. Барахоева**

**«19» маусым 2025 жыл**

**БЕКІТІЛДІ**

**«Ақмола облысы  
білім басқармасының  
Астрахан ауданы  
бойынша білім бөлімі**

**«Өрнек ауылының  
бастауыш мектебі» КММ-сі  
менгерушісі**



**Р. Ашербақанова**

**«19» маусым 2025 жыл**

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі  
«Өрнек ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
мектеп жанындағы «Балапан» шағын орталығының 2025-2026 оқу жылына  
арналған оқу жұмыс жоспары**

## Түсінік хат

**2025-2026 оқу жылындағы білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету:**

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Өрнек ауылының бастауыш мектебі» КММ-нің демократиялық және гуманизм, қолжетімділік пен ашықтық, жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдығы және білім берудің зайырлы сипаты негізінде білім беру процесін ұйымдастырады.

### **Шағын орталықтың мәселері:**

1. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;
2. Дене шынықтыруды қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау, оқушылардың зияткерлік және тұлғалық дамуы;
3. Сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
4. Азаматтыққа, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, қоршаған табиғатқа деген сүйіспеншілік, Отанына, отбасына;
5. Толыққанды қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастық тәрбиеленушінің дамуы;
6. Ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту, және денсаулықты сақтау мәселері.

### **Шағын орталықта 2 бала тәрбиеленуде.**

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Өрнек ауылының бастауыш мектебі» КММ-нің жанындағы «Балапан» шағын орталығында 2025-2026 оқу жылының қыркүйегінде ортаңғы топқа бір тәрбиеленуші қабылданды.

Ересек топ – 2 бала.

Оқыту тілі: қазақша.

2025-2026 оқу жылында мектептегі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесі төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарын басшылыққа ала отырып ұйымдастырылды:

Аталған модельді іске асыру шеңберінде әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған. Модельді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 қыркүйектегі № 385 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу білім беру процесін:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275 тіркелді) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары).

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

**КЕЛІСІЛДІ**  
«Ақмола облысы  
білім басқармасының  
Астрахан ауданы  
бойынша білім  
бөлімі» ММ-нің  
басшысы

  
Н. Барахоева  
«29» тамыз 2025 жыл

**БЕКІТІЛДІ**  
«Ақмола облысы  
білім басқармасының  
Астрахан ауданы  
бойынша білім бөлімі  
Өрнек ауылының  
бастауып мектебі» КММ-сі  
менгерушісі  
Р. Ашербақанова  
«29» тамыз 2025 жыл



**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары**

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары
		Ересек топ (4 жастағы балалар) аптасына үш рет күн сайын
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет күн сайын
	Дене тәрбиесі **	
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет күн сайын
Қазақ тілі ***		
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына екі рет күн сайын
	Музыка ****	
8	Арнайы түзету іс-әрекеті *****	күн сайын

**Ескерту:**

\* Ұйымдастырылған іс-әрекет – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі

түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**\*\*** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

**\*\*\*** Басқа тілдерде оқытатын топтарда мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы педагогке бағдарлама айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ казак халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**\*\*\*\*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

**\*\*\*\*\*** Арнайы түзету іс-әрекеті арнайы және жалпы мектепке дейінгі ұйымдарда, арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.